


# Қарапайым HTML-бетін құру HTML тілінің атқаратын қызметі



**HTML–ге кіріспе. HTML тілінің атқаратын қызметі, командалары.**

**Белгілеу тілі туралы түсінік.** Белгілеу тілі – бағдарламалау тілдер қатарына емес, компьютерлік тіл қатарына кіреді. Белгілеу тілі – символдар мен жүйеліліктер жиынтығы, ол қарапайым мәтіннен синтаксисі жағынан өзгешелеу болып келеді. Белгілеу тілінде жазылған мәтіндік құжат тек қана мәтіннен емес, сондай-ақ тізім, ерекшеленген сөздер немесе тақырыптардан құралады.

«Белгілеу» (ағылшынша «*markup*») термині ағылшын тіліндегі «**marking up**» сөз тіркесінен туған, «белгілеу, белгілеп қою» дегенді білдіреді. «Белгілеу» сөзі сонау дәстүрлі баспахана тәжірибесінде қолданылып, баспаға жібермес бұрын арнайы шартты белгілер мен таңбалар арқылы қолжазбаға түзетулер енгізуді білдірген. Осылай «белгілеушілер» (*markup men*) мәтіннің әрбір бөлігіне шрифтердің гарнитурасын, стилін, өлшемін көрсетіп отырған.

Ал қазіргі кезде бұл қызметті редакторлар, корректорлар, графикалық дизайнерлер, сондай-ақ авторлардың өздері атқарады. Белгілеу тілін компьютерлік мәтіндерді өңдеуде қолдануды алғаш рет 1967 жылғы Конференцияда Уильям Танниклифф ұсынды. Ол өз жаңалығын «әмбебап кодтау» (ағылшынша «*generic coding*») деп атады. Форматталған мәтінге қатысты барлық қажет жерде өзіндік белгілеу тілдері қолданылады: типографияда

(SGML, TeX, PostScript, PDF), компьютердің қолданушы интерфейстерінде (Microsoft Word, OpenOffice), әлемдік желіде (HTML, XHTML, XML, WML, VML, PGML, SVG, XBRL).

**HTML тілі жайлы.** Гипермәтінді белгілеу тілі (HyperText Markup Language - HTML) – веб браузерде веб-беттерді және басқа да ақпараттарды шығару үшін қолданылатын ең басты белгілеу тілі болып есептеледі.

Қазіргі кезде Web–парақты құру үшін HTML тілі (Hypertext Markup language – гипермәтінді бөлу тілі) қолданылады, яғни құжатқа қойылатын тегтердің көмегімен құжаттың логикалық құрылысын сипаттайды, құжатты форматтауды және объектілерді қоюды басқарады. WWW айырмашылығынан ерекшеліктері тақырыбы бойынша байланысты, адресі анық түрде көрсетілмеген бір құжаттан басқа құжатқа ауысу жабдығының бар болуы болып табылады.

HTML гипермәтіндік тілін 1989 жылы World Wide Web гипермәтіндік жүйесін бөлудің өңдеу технологиясының компоненттерінің бірі ретінде Тим Бернерс – Ли ұсынғаны белгілі. Гипермәтінді бөлу негізіне құжаттың әрбір элементі тегтерімен қоршаған элементтердің жиынтығы түрінде көрсетуге болатын құжатты сипаттаудың тегтік моделі жататын болған.

Өзінің мәні бойынша тегтер бағдарламалау тілдеріндегі «BEGIN/END» жақша ұғымдарына жақын және локальды айнымалылардың HTML атауларының арасындағы амалдардың облысын білдіреді, құжаттағы мәтіндік элементтерді түсіндіру ережелерінің амалдарын анықтайды және т.б.

HTML-дің орындайтын жұмысы – құжат тақырыптары мен абзацтар белгілеу, гипермәтінде арнайы белгілер орнату.

HTML форматында орындалатын бөлек құжат *HTML* – *құжаты* немесе *Web – құжаты* немесе *Web – бет* деп аталады. Бір авторға немесе бір басылымға жататын және ортақ гиперсілтемелер мен өзара байланысқан web-беттер тобы *web-түйін* және *web-сайт* деп аталатын құрылымды құрады.